

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Тарих факультеті**  
**Археология, этнология және музеология кафедрасы**

**«Орталық Азия археологиясының өзекті мәселелері» пәні бойынша қорытынды  
емтихан бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

**«7М02219- Археология » білім беру бағдарламасы**

**Алматы 2024жыл**

Құрастырушы:

Бексеитов Ғ.Т., Археология, этнология және  
музеология кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.  

---

 (дайындалған-А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және  
атағы)

**«Орталық Азия археологиясының өзекті мәселелері»** пәні бойынша қорытынды  
емтихан жүргізу  
Бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024ж., хаттама

## Кіріспе

Магистранттар «**Орталық Азия археологиясының өзекті мәселелері**» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

*I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:*

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

*II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:*

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, магистрант емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

*III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:*

1. Емтихан барысында магистрант ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа магистранттармен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артын қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, магистрант емтиханнан шығарылады.

*IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:*

1. Магистранттардың жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық магистранттардың баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге магистранттардың баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер магистрант емтихан тапсыру ережесін бұзса, магистрант емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтижесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Орталық Азияның палеолит кезеңін зерттеудің өзекті мәселелері
2. Андрон тарихи-мәдени қауымдастық мәселесі
3. Ұлы Жібек жолындағы антикалық қалалардың Орталық Азия жеріндегі мемлекеттердің қалыптасуында атқарған қызметтері
4. Сақ-скиф аң стилі Орталық Азия жерін мекендеген тайпалар өркениетінің көрсеткіші
5. Түркі кезеңі археологиялық ескерткіштері және олардың түрлері: жалпы сипаттамасы
6. Б.з.б. 1-мыңжылдықтағы түркілер мәдениетінің даму ерекшеліктері мен мирасқорлығы
7. Түркілер идеологиясының байырғы түркі халықтары таным-түсінігімен байланысы
8. Ғұндар мемлекеті мен ұлы көш дәуірі
9. Қытайдағы тас мүсіндердің типтік сипаттамасы
10. Қазақстандағы тас мүсіндердің типтік сипаттамасы
11. Түркі кезеңіндегі қалалардың тарихи-топографиялық құрылымы
12. Көне түркілердің тұрақтары мен қалаларының мәселерлері
13. Шығыс Еуропадағы көшпелілер. Хазар қағанаты. Салтово-маяцк мәдениеті.
14. Түркі кезеңі археологиясындағы діни көзқарастардың эволюциясы
15. Түркі кезеңіндегі ғибадатханалар

Емтихан тапсыру кезінде магистранттар қабілетті болуы тиіс:

1. Сақ-скиф археологиясының зерттелу деңгейің игере білу
2. Скифтік-сібірлік аң стилінің ерекшелігін айқындай білу
3. Көшпенділер өркениетінің қалыптасу жағдайын талдай білу қажет
4. Қазақстанда мекендеген сақтар мәдениеті мен кезеңдерін сипаттай бере білу
5. Скифтер қалалары мен сақтар қоныстарының архитектурасын айқындап беру
6. Қаңлы мен уйсін мәдениетінің кезеңдері мен ерекшеліктерін айқындап көрсете білу
7. Орталық Азия жеріндегі Андрон мәдениетінің ерекшелігін сипаттап бере білу

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Акишев А. Искусство и мифология саков. А., 1984
2. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. М., 1978
3. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. А., 1963
4. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана, – А., 2011
5. Грач А.Д. Древние кочевники в центре Азии. М., 1980
6. Литвинский Б.А. Древние кочевники «Крыши мира». М., 1972
7. Мартынов А.И. Археология. М., 1996
8. Самашев З.С., Толеубаев А.Т., Джумабекова Г. Сокровища степных вождей. А., 2004
9. Степи европейской части СССР в скифо-сарматское время. М., 1989.
10. Степная полоса азиатской части СССР в скифо-сарматское время. М., 1992.
11. Тишкин А.А., Дашковский П.К. Основные аспекты изучения скифской эпохи Алтая. Барнаул, 2004
12. Деревянко А.П. и др. Палеолитоведение :Введение и основы. Новосибирск, 1993

**«7M02219- Археология» білім беру бағдарламасы бойынша  
«Орталық Азия археологиясының өзекті мәселелері» пәнінен емтихан қабылдау  
нұсқаулығы**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық »	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
<b>Курстың теориясы мен тұжырымдасын білу және түсіну</b>	"Өте жақсы" деген баға, Орталық Азия археологиясының өзекті мәселелерінің ерекшелігін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұраққа толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, Орталық Азия археологиясының өзекті мәселелерінің басты ерекшелігі көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды	«Қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау қағидаларын бұзу.
<b>Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану</b>	Орталық Азия археологиясының өзекті мәселелеріне қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дерек көздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. Практикалық ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің Ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын	Сұрақ пен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада.

				қателіктермен кемшіліктер бар.	Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларыны ң жоқтығы
--	--	--	--	--------------------------------------	--

					бұзу.
<b>Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық Тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</b>	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Археологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа-34балл

